

# СӨЖ

## Тақырыбы:

IX, X, XI XII жұп бас-ми нервтерінің анатомиясы, функциясы, клиникалық зақымдану симптомдары.

**Орындаған:** Халкулова. М.Ш

**Тобы:** СТК-330

**Қабылдаған:** Азизходжаева.Д.Ш

# Жоспар:

\* I Кіріспе

\* II Негізгі бөлім

a) IX, X, XI XII жұп нервтер анатомиясы және физиологиясы

б) IX, X, XI XII жұп нервтері зақымдану симптомдары

\* III Қорытынды

I иіс сезу нервісі

II көру нерві

III көз қозғалтқыш нерві

IV шығыршық нерві

V үшкіл нерв

VI әкетуші нерв

VII бет нерві


VIII кіреберіс ұлу нерві

IX тіл жұтқыншақ нерві

X кезбе нерв

XI қосымша нерві

XII тіласты нерві



# \* Тіл-жұтқыншақ нерві (IX)

- \* Үшінші желбезек доғасы нерві даму үрдісінде нервтердің X жұбынан бөлінген. Онда үш текті талшықтар болады.
- \* Жұтқыншақ, дабыл қуысы, тілдің шырышты қабаты, бадамшалар және таңдай доғалықтары рецепторларынан шығатын афферентті талшықтар:
- \* Жұтқыншақ бұлшықеттерінің біреуін-*m. stylohyoideus* ервтендіретін эфферентті талшықтар
- \* *Glandula parotis* үшін эфферентті парасимпатикалық талшықтар.
- \* Құрам бөліктерін сәйкес оның үш ядросы болады: *nucleus solitarius*, оған афферентті түйін-*ganglia superiora et inferiora* тердің жасушаларының орталық өсінділері келеді. Вегетативті парасимпатикалық ядро-төменгі сілекей бөлетін ядро-торлы құрылымында кезбе нервпен ортақ үшінші қозғалыс ядросының-*nucleus ambiguus* пен жанында шашыраған жасушалардан тұрады. Тіл-жұтқыншақ нерві түбіршіктері арқылы оливияның артында, кезбе нервтің үстінде сопақша мидан шығып, соңғы нервпен бірге мойындырық тесігі арқылы бассүйектен шығады.


\*






# 12 ЖҰП БАС МИ НЕРВТЕРІ

12 жұп нервтерінің атаулары және олардың бассүйек қуысынан шығатын төсіктері




**KazMedic.kz**



# Тіл-жұтқыншақ нерві (IX) бұзылуы симптомдары

- \* Бұл нервтің сезімтал нерв талшықтарының зақымдануына байланысты жұмсақ таңдай, жұнқыншық сезіну қабілеті нашарлауымен қатар тағамның ащы дәмін сезу қабілеті нашарлайды.
- \* Қозғалтқыш нерв талшықтарының өткізгіш жолдарының жартылай немесе мүлде бұзылуына байланысты аурудың жұқтыну қабілеті нашарлайды.
- \* Парасимпатикалық нерв талшықтарының зақымдануына байланысты жұмсақ таңдай мен жұтқыншақ бездерінің сөлі азайып, ауыздың кілегей қабықшасы құрғауы мүмкін.




# \* Кезбе нерв (X)

- \* N. vagus, кезбе нерв-төртінші және одан кейінгі келесі желбезек доғаларынан дамыған кең таралағандықтан осылай деп аталады. Бұл бассүйек нервтерінің ішіндегі ең ұзыны. Кезбе нерв тармақтары арқылы тынысалу ағзаларын, асқорыту жолының едәуір бөлігін сигматәрізді тоқ ішекке дейін нервтендіреді, сондай-ақ ол жүрекке оның соғуын баяулататын тармақтар береді.
- \* N. vagus құрамында үш түрлі талшықтар бар:
- \* Аталған ішкі ағзалар мен тамырлардың рецепторларынан, сондай-ақ мидың қатты қабығының кейбір бөлігін және құлақ қалқанын қоса сыртқы есту жолынан сезімтал ядроға nucleus solitaries-ке келетін афферентті талшықтар
- \* Жұтқыншақ, жұмсақ таңдай мен көмейдің еріткі бұлшықеттеріне баратын эфферентті талшықтар және осы бұлшықеттер рецепторыларынан шығатын талшықтар. Бұл бұлшықеттер талшықтарды қозғалыс ядросынан nucleus ambiguus-тен алады.
- \* Вегетативті ядродан, nucleus dorsalis n. vagi-ден шығатын эфферентті талшықтар. Олар жүрек миокардына және тамырлардың бұлшықет қабықшасына келеді. Сонымен қатар кезбе нервтің жүрек тармақтарына n. depressor енеді, ол жүректің бастапқы бөлігі үшін сезімтал нерв және қан қысымын рефлекстік жолмен реттеуді басқарады.
- \* Кезбе нервтің парасимпатикалық бөлігі өте үлкен, сондықтан ол негізінен вегетативті организмнің өмірлік қызметтері үшін маңызды нерв болып есептеледі. Кезбе нервтің негізгі үш ядросымен байланысты талшықтардың барлық түрлері сопақша мидан, оның sulcus lateralis posterior-ынан, тіл-жұтқыншақ нервінен төмендеу, 10-15 түбіршек түрінде шығып, жуан сабау түзеді. Ол тіл-жұтқыншақ және қосалқы нервтермен бірге foramen jugulare арқылы бассүйектен шығады.



# \*Кезбе нерв (X) бұзылу СИМПТОМДАРЫ

- \* Кезбе нервтің бір жақты бұзылуына байланысты аурудың даусы қырылдап, аузын ашқанда жұмсақ таңдайдың тілшігі салбырап сау жағына қарап ауытқиды. Бұл нервтің екі жағы бірдей зақымдануына байланысты науқастың даусы баяулап кейде мүлде шықпай қалуы мүмкін. Екіншіден жұтқыншақ бұлшықеттері қызметінің нашарлануынан жұтыну қабілеті төмендеп өкпе мен жүректің жұмысы нашарлап науқас өліміне алып келеді.






# \* Қосымша нерв (XI)

\* Қосымша нерв соңғы жебезек доғаларынан дамиды; эфферентті талшықтары және сопақша ми мен жұлында жайғасқан екі қозғалыс ядросы бар. Ядроларына сәйкес оның ми және жұлындық бөліктерін ажыратады. Ми бөлігі сопақша мидың, кезбе нервтің төменгі жағында шығады. Қосымша нерв жұлындық бөлігі алдыңғы және артқы түбіршіктері арасында және жоғарғы үш мойын нервтерінің алдыңғы түбіршіктерінен құралып, нерв сабаушасы түрінде жоғары көтеріліп, ми бөліміне қосылады. Қосымша нерв кезбе нервтің бөлініп шыққан тармағы болғандықтан, ол онымен бірге бассүйек қуысынан мойындырық тесігі арқылы шығып m. trapezius пен одан бөлінген m. sternocleidomastoideus екеуін нервтендіреді.

\*

# \*Қосымша нерв (XI) бұзылысының сиптомдары

\* Бұл нерв сабағының бір жақты бұзылуына байланысты басты немесе мойынды сау жағына қарай қимылдату немесе бұру қиындайды. Бұл нерв қызметінің екі жағы бірдей қабынуына байланысты аурудың жауырыны төмен тартып иығы салбырап қалуы мүмкін.



# \* XII Nervus hypoglossus

*подъязычный нерв, двигательный*


Тіласты нерві (XII)-n.hypoglossus, жануарларда дербес болып тіласты бұлшықетін нервтендіретін 3-4 жұмыс сегменттік нервтерінің қосылып-бірігуінен пайда болады. Одан тіл бұлшықеттерінің оқшаулануына сәйкес бұл нервтер күрделі омыртқалылар мен адамда біріге-қосылып, жұлын нервтерінен бассүйек нервтеріне ауыспалы тип ретінде түзіледі. Бұлшықетті болып табылатын тіласты нервісінің тіл бұлшықеттеріне баратын эфферентті және осы бұлшықеттер рецепторларынан шығатын афферентті талшықтар бар. Бұлшықетті болып табылатын тіласты нервісінің тіл бұлшықеттеріне баратын эфферентті және талшықтар бар. Онда сондай-ақ жоғарғы мойын симпатикалық түйінінен шығаратын симпатикалық талшықтар да өтеді. Тілсаты нервісінің доғасы орналасқанда Пирогов үшбұрышының ауданы үлкен,керісінше болады. M.hypoglossus-тың алдыңғы жиегінде тіласты нерві тіл етіне енетін соңғы тармақтарға ыдырайды



# \* XII Nervus hypoglossus

## *бұзылу симптомдары*

- \* Тіласты нервті зақымданса, тілдің зақымданған бөлігі солып, әлсіреп қимылдамай қалады. (ГЛОССОПЛЕГИЯ) . Тілді аузынан шығармақшы болса, ол әлсіреген жағына қисаяды. Егерде ядро зақымданса, тіл бұлшықеттерінің талшықтары жыбырлап, дірілдейді, сөйлеу қабілеті қиындайды. (дизартрия) Тіласты нервтің орталық нейроны зақымданса, тілдің зақымданған жаққа қарсы бөлігі қозғалмайды. (глоссопрлегия) Тілді ауыздан шығармақшы болғанда зақымданған жаққа қарама-қарсы қисаяды. Ядролар екі жағынан зақымданса тіл қозғалмай қалады. (глоссоплегия) Сөйлеу мүмкіндігі жойылады. (анартрия)



# \* Пайдаланылған әдебиеттер

- \* С.Қайшыбаев «Неврология»
- \* Алматы Ғылым баспасы 2003 жыл
- \* А. Рақышев «Адам анатомиясы»
- \* Алматы баспасы 2004 жыл
- \* Google.kz
- \* Yandex.ru